

**ҚР Жоғарғы сотының төрағасы
Ж.Қ.Асанов мырзаға**

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!

Құрметті Жақып Қажманұлы!

Таяуда, 11 сәуір күні әнші, композитор, қазақ халқына 100-ге жуық ән сыйлап, қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосқан сазгер Гауһар Әлімбекованың апелляциялық шағымы қаралған сот отырысы аяқталып, 3 жыл 3 айға созылған ауыр іске әділ нүкте қойылды – ҚР ҚК 190 бабының 4 бөлігі 2 тармағы бойынша кінәлі деп танылып, 6 жылға бас бостандығынан айырылған қазақтың талантты өнерпаз қызы ақталды.

Бұл ақтау үкімі – сот тарапынан адалдықты, әділдікті, тазалықты күткен әр адамның үміті еді. Әсіресе, Гауһардай ақ жүректі, адал ниетті қыздарының ақтығына сенген қазақ халқының күткен әділдігі осы болатын. Гауһар Әлімбекованың ар алдында тазалығына, оның тірі жанға қиянат жасай алмайтын ақ көңілділігіне жылдар бойы қасында жүріп көз жеткізген біздер үшін бұл ақтау үкімі – зор қуаныш, әділ шешім болды.

Осынау ашық сот процесі елімізде әділдік, шындық барына көзімізді жеткізді. Әдетте Қазақстанның ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі имиджіне кері әсер ететін сот отырыстары да, судьялар да аз емес. Тіпті, халық алдында судьялардың «әділетсіз» деген жағымсыз бейнелері қалыптасқан. Гауһар Әлімбекованың сот отырысы барысында біз, халық өкілдері және журналистер, керісінше, ерекше процеске куә болдық. Алматы қалалық сотының төрағасы Нұрғазы Әбдіханов төрағалық еткен апелляциялық сот алқасының отырыстарына еш кедергісіз журналистер қатысып, бастан-аяқ аудио-видеотаспаға түсіріп, тіпті, тікелей эфир арқылы республика жұртшылығына сот процесін тікелей залдан трансляция беруге мүмкіндік жасалды. Әдетте бар-жоғы 20-30 минутта аяқталып, көп жағдайда алғашқы сот инстанциясының шешімін күшінде қалдыратын апелляциялық сот отырыстарын жиі көреміз. Алайда бұл сот процесі айға жуық қаралып, бес мәрте ашық сот отырысы өтті. Бұл – істің анық-қанығы жан-жақты зерттеліп, барлық мән-жайдың объективті сараланғанын көрсетеді. Бұл процесс – өзге апелляциялық соттарға үлгі-өнеге болуға лайық процесс болды деп білеміз. Гауһар Әлімбекованың ақталуы – Қазақстанның сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде азаматтық қоғам орнатуға, зайырлы мемлекет орнатуға бет алғаны деп білеміз. Осы істе әділдіктің жеңуіне зор үлес қосқан, Гауһардай қазақ қызының тағдырына бей-жай қарамай, істі бүге-шігесіне дейін зерттеп-зерделеген, істің ақ-қарасын майдан қыл суырғандай етіп

анықтаған судьялар – сот алқасының төрағасы Нұрғазы Әбдіхановқа, Нурдилла Сейтовке, Ержан Кененбаевқа халық атынан Алғыс айта отырып, ол кісілерге Жоғарғы сот та лайықты бағасын береді деп сенеміз.

Құрметпен:

Қорғаушы, БҚО адвокаттар алқасының мүшесі

А.Құспан

Тәуелсіз «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері,

ҚР Журналистер одағының мүшесі

С.Әбединова

ҚР Халық артисі

Р.Рымбаева

ҚР Халық артисі

М.Жүнісова

ҚР Еңбек сіңірген қайтаркері

Ж.Ысқақова

ҚР мәдениет қайраткері

Ж.Сейфуллин

ҚР мәдениет қайраткері

Қ.Бекіш

Эстрада әншісі

М.Мақанов

Эстрада әншілері, «Жігіттер»

квартетінің мүшелері;

Е.Қанаев

А.Тұрғамбаев

Журналист, ақын, жазушы

ҚР журналистер одағының мүшесі

С.Сыбанбай

Қолдары қойылған